

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОРҚЫТ АТА СИМПОЗИУМЫНА БАЯНДАМА ДАЙЫНДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Баяндамалар, APA 6th Edition басылым нұсқаулығында және төменде көрсетілген жазу ережелеріне сәйкес жазылуы керек. Төменде форматқа қатысты егжей-тегжейлі түсініктемелер мен мысалдар келтірілген. Конгреске жіберілген мақалалардың түпнұсқалық есебін Конгресс басшылығы жасайды. 75% түпнұсқалық рейтингі бар мақалалар сарапшыларға жіберіледі.

А) Тақырып: Қалың және бас әріптермен жазылуы және 12 сөзден аспауы керек. Баяндамалардың тақырыптары баяндама жазылған тілде және ағылшын тілінде жазылуы және мазмұнына сай болуы керек.

Ә) Автордың аты-жөні: тақырыптың астында оң жақта жазылуы керек. Автордың дәрежесі, лауазымы, жұмыс істейтін мекемесі, электрондық пошта және ORCID нөмері бірінші беттің төменгі жағында жұлдызша арқылы аты-жөнімен байланыстырылуы керек.

Б) Андатпа: 150–200 сөзден тұруы және баяндаманың мазмұнын қамтитындай баяндама жазылған тілде және ағылшын тілінде дайындалуы керек. Андатпада дереккөз, сурет, диаграмма, жазба және т.б. болмауы керек. Андатпаның астында кемінде 5 (бес) кілт сөз беріледі. Кілт сөздер баяндама жазылған тілде және ағылшын тілінде (егер баяндама ағылшын тілінде болса қазақша) дайындалуы керек.

В) Мақаланың мәтіні: Мәтіндер MS Word бағдарламасында және Times New Roman шрифтімен жазылуы керек. Баяндама кіріспеден басталып, баяндаманың гипотезасы осы жерде алға қойылуы керек. Баяндаманың шарықтау шегі (оны мәтін арасындағы тақырыпшалармен растауға болады) деректерден, бақылаулардан, пікірлерден, ескертулер мен талқылаулардан тұруы керек және қорытынды бөлімінде жасалған тұжырымдар, ұсыныстар берілуі арқылы түсіндірілуі керек. Баяндамадағы дәйексөздер көрсеткіші 25%-дан аспауы керек.

Сурет, кесте, карта және фотосуреттер пайдаланылса, олар жазу аймағынан шықпауы, қажет болған жағдайда әрқайсысы жеке бетке орналастырылуы керек. Суреттер мен кестелер мазмұнына қарай нөмірленіп, атаулары жазылуы керек. Сандар мен тақырыптар осы қосымшалардың астына (шрифт өлшемі:10) жазылуы тиіс. Кестелер мен суреттердің мазмұны Times New Roman, 10 шрифттік өлшемде жазылуы керек.

Г) Беттің орналасуы: Конгреске жіберілетін мақалалар төменде көрсетілген тәртіпте MS Word файлдары (.doc/docx кеңейтімі бар), сонымен қатар PDF (.pdf кеңейтімі) түрінде дайындалуы керек.

Шрифттің стилі: Times New Roman

Шрифттің өлшемі: 11

Сілтеме шрифтіннің өлшемі: 9

Интервал аралық: Бір Абзац аралығы: 6 nk

Абзац шегінісі: 1 см

Сол жағы: 3 см Оң жағы: 2 см

Жоғарғы жағы: 3 см

Төменгі жағы: 2 см

Е) Дәйеккөз және әдебиеттердің көрсетілуі: Баяндамалар APA 6 стилінде жазылуы керек. Мәтінде үш жолдан аспайтын дәйексөздер тырнақшамен берілуі керек. Үш жолдан асатын дәйексөздер жеке абзац ретінде жолдың оң және сол жағынан 1,25 см қашықтықта, 10 шрифт өлшемімен орналастырылады. Пайдаланылған әдебиеттер мәтінде төменде көрсетілген ретпен келтірілуі керек:

Автордың аты мәтінде аталмаса:

«XVI ғасырда жазылған Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат тауарихында» көне түркі әдеби тіл заңдылықтары орфографияда болсын, грамматикада болсын, тіпті лексикада болсын толықтай сақталған» (Әбілқасымов, 2015, 17-б.).

Мәтінде автордың аты-жөні аталып, тікелей дәйексөз келтірілсе:

Бабаш Әбілқасымовтың (2015) айтуынша, «XVI ғасырда жазылған Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат тауарихында» көне түркі әдеби тіл заңдылықтары орфографияда болсын, грамматикада болсын, тіпті лексикада болсын толықтай сақталған » (17-б.).

Егер дәйексөз түсініктеме әдісі арқылы жасалса:

Бабаш Әбілқасымов XVI ғасырда жазылған Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат тауарихында» көне түркі әдеби тіл заңдылықтары орфографияда болсын, грамматикада болсын, тіпті лексикада болсын толықтай сақталғанын айтады (2015, 17-б.).

Анонимді зерттеу жұмысы

Сілтеме берілген жұмыстың авторы белгісіз болса, шығарманың аты мәтінде курсивпен жазылады.

Басқа бір деректе (*Қазақ ертегілері*, 1962, 5-б.) де аталып өтілгендей...

Авторы белгісіз әдебиеттерде автордың аты «Анонимді» қабылдануы да мүмкін. Бұл жағдайда әдебиеттер тізімінде де автордың атын «Анонимді» деп көрсетіңіз.

Басқа бір әдебиетте (Anonim, 1962, s. 5) де көрсетілгендей...

Егер мәтінде жалпы сілтеме жасалса:

(Автордың тегі, еңбектің жарияланған жылы) форматында көрсетіледі:

Бірақ адамшылық негізі жайлы өз шығармаларында таратылатын ұлы ойшыл пікірлерінің желісін тауып, ой өзектерін қуалай отырып ұғынбайынша ақын пікірін дөп басып дәл танудың өзі қиын (Мырзахметов, 2014).

Бір автордың бір жылда шыққан бірнеше еңбегі болса:

(Қасқабасов, 2020а, 457 б., 2020б, 455 б.)

Екі авторлық әдебиет:

Мәтінде автордың аты-жөні аталса:

І.Кеңесбаев және А.Ысқақов есімше формаларын түсіндіруде жасалуының үш түрін көрсетеді (1951: 147)

Мәтінде автордың аты-жөні аталмаса:

«Мүмкін, ықтимал деген сөздер бірде әр тарап сөз, бірде бейтарап сөз ретінде жұмасала береді» (Ысқақов & Аханов, 1953: 131)

Бірнеше авторлық зерттеу жұмысы

Үш, төрт немесе бес авторы бар зерттеулерде бірінші сілтемеде авторлардың аты-жөні аталса, авторлардың барлығы жазылады. Соңғы жазылатын автордың алдында «және» байланыстырушы сөзі қолданылады.

Уәли, Құрманбайұлы, Малбақов және Шойбековтің мәліметіне сүйенсек, оның сөздік құрамында 106 мың лексикалық бірлік бар екен (2013, 2-б.).

Кейінгі дәйексөздерде мәтінде автордың аты аталса, бірінші автордың аты «және т.б.» форматында жазылады:

2013 жылы Уәли және т.б. оның сөздік құрамында 106 мың лексикалық бірлік бар екенін мәлімдеді (2-б.).

Мәтінде автордың аты-жөні көрсетілмесе:

(Уәли, т.б., 2013, 2-б.)

Бірнеше әдебиет:

(Аллен, 1998, 55-бет; Иваникс және Усманов, 2002, 22-бет; Села, 2011, 55-бет)

Түпнұсқадан қаралмаған әдебиеттен сілтеме:

(Clauson, 1962; akt. Tekin, 2003, s. 19). Библиографияға тек қосалқы әдебиеттер ғана енгізілген.

Тегі бірдей авторлар

(Н. И. Егоров, 1995, 57 б; В. Г. Егоров, 1964, 13 б.)

Алдыңғы бір басылымның жаңа басылымы

(Әуезов, 1927/1991).

Электронды ақпарат құралдарындағы мәтіндер

Видео немесе фильм

(Фильм атауы, жылы)

(Әлкей. Ғұлама ғұмыр, 2023).

Видео немесе фильмнің кез келген сағатына, минутына немесе секундына сілтеме жасағанда ол келесідей беріледі:

(00:05:15-00:07:35)

Подкаст/ YouTube

Егер бейне/подкаст авторының аты, атағы, жазылған күні болса, оны көрсету керек. Сағат, минут, секунд форматында көрсеткіңіз келсе, оны келесідей беру керек: (00:02:15-00:02:35).

Басқа әдебиеттер

Газет

Елдің еңсе тіктеуі, халықтың әл-ауқатының жақсаруы ауылдағы шаруашылықтың оңалуына да байланысты (Егемен Қазақстан, 2023).

Мәтіндегі интернет беттеріне сілтеме жасағанда жоғары көрсетілген тәртіпті сақтау керек. Автордың аты-жөні көрсетілмеген дереккөздерде автордың аты-жөнінің орнына мәтіннің тақырыбы жазылуы керек. Күннің орнына пайдаланған күні жазылуы керек.

Сілтемелерге тек түсіндірмелер үшін сілтеме берілуі керек және сілтемедегі ақпаратқа сілтеме жасаған кезде жоғарыда көрсетілгендей мәтінішілік дәйексөз қолданылуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: Мақаланың соңында авторлардың тегі алфавиттік тәртіппен төменде көрсетілгендей жазылуы керек. Библиографияда шығармаларды шығаратын баспаларды көрсету кезінде баспахана, баспа деген сөздерді қолдануға болмайды.

Кітап:

Ыбыраев, Ш. (1993). *Эпос әлемі*. – Алматы: Ғылым.

Ыбыраев, Ш. (2020) *Абай феномені. Монографиялық зерттеу*. Нұр-Сұлтан, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ.

Уәли, Н., Құрманбайұлы, Ш., Малбақов, М. & Шойбеков, Р. (2013). *Қазақ сөздігі*. Алматы: Дәуір.

Мақала:

Сабыр, М.Б., & Ахметов, Т.Р. (2019). Тарихи, тілдік деректер негізінде Алтын Орданың бүгінгі мұрагерін анықтау мәселесі. *Түркология*, (2), 72-82.

Нұрдәулетова, Б.И. (2022а). Қазақ дүниетанымындағы базалық концептілердің тілдік көрінісі. *Ясауи университетінің хабаршысы*, 1 (123), 7-20

Баяндама:

Ісімақова, А. (2022). С.Қондыбай зерттеулеріндегі «Ұлы дерек» тұтастығы (ред. Б.Байрам, Ж.Явуз, М.Молдашева), «Серікбол Қондыбай және түркі мифологиясының зерттелуі» атты III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. (16-17 маусым 2022) (57-71 бб.). Анкара: Парадигма.

Бір автордың екі немесе одан да көп ғылыми жұмысы:

Жылына қарай тізімі жасалады:

Бердібай, Р. (2000). *Ел боламыз десек*. Алматы: Қазақстан.

Бердібай, Р. (2002). *Түбі бір түрікпіз*. Астана: Фолиант.

Бір автордың бір жылда жарияланған екі зерттеу жұмысы

Бердібай, Р. (2000а). *Жұлдыздар жарығы*. Алматы: Білім.

Бердібай, Р. (2000ә). *Ел боламыз десек*. Алматы: Қазақстан.

Анонимді кітап

Авторы белгісіз болса шығарманың аты беріледі:

Қазақ ертегілері. (1957). 1-том. Алматы: Жазушы

Аударма кітап

Торе, Янсон (2019). *Тіл тарихы: Кіріспе*. (аудар. Ү.Кеңесбаева). Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры.

Редакциялық кітап

Э. Йылмаз, Б. Байрам & Ф. Ерсой (Ред.) (2019). *Қазіргі чуваш әдебиетінің негізін салушы Константин В. Ивановтың кітабы*. Анкара: Нобель ғылыми еңбектері.

Өзбек, М. (Ред.) (2005). *Қоғамдық кеңістік*. Стамбул: Хил.

Редакциялық кітаптағы тарау

Дурмуш, О. (2019). Нарспидің қазіргі түрік диалектілеріне аудармалары. Ішінде Е. Йылмаз, Б.Байрам & Ф. Ерсой (ред.), *Қазіргі чуваш әдебиетінің негізін салушы Константин В. Ивановтың кітабы* (65-89 бб.). Анкара: Нобель ғылыми еңбектері.

Бірнеше басылымы бар кітап

Кафесоғлу, І. (2016). *Түрік ұлттық мәдениеті* (40- басылым). Стамбул: Өтүкен.

Интернет:

Интернеттегі мәтіндерге көрсетілген сілтемелер әдебиеттер тізімінде келесі ретке сәйкес жасалуы керек:

Тегі, Аты (пайдаланған күні). Тақырып. *Бет/сайт атауы*. Бет. сілтеме (Автордың аты-жөні көрсетілмеген дереккөздердегі автор белгісінің орнына мәтін тақырыбын ауыстыру арқылы дәл сол тәртіпте көрсету керек.)

Электронды адрестен алынған әдебиеттердің көрсетілуі

Мақалада олар пайдалану ретіне қарай URL-1, URL-2 болып тізіліп, библиографияда қолжетімді адресі көрсетілуі тиіс.

URL-1 <https://tr.wikipedia.org/wiki/Seyhun>

URL-2 <https://tr.wikipedia.org/wiki/Seyhun>

Электронды газет мақалалары

Елікбаев, К. (2022, 12 сәуір). Қазақ елі және жер мәселесі. <https://okg.kz/assets/pdf/3d62477d90dbab9f1ab3133ede5a8301.pdf>

Жарияланбаған дипломдық жұмыстар

Айтбаев, С. (2021). *Фольклорды жанрлық жүйелеу мәселесі*. (Жарияланбаған докторлық диссертация). Ахмет Ясауи университеті/Филология факультеті. Түркістан.

Энциклопедия/Сөздік

Латын тілі (1975). *Қазақ совет энциклопедиясында (15-басылым. 7-том, 570-588 бб.)*. Алматы: Қазақ энциклопедиясы.

Сөздіктер

Девелиоғлу, Ф. (2013) *Османша-түрікше энциклопедиялық сөздік* (30-басылым) Анкара: Айдын.

Бектемірова, С.Б., Ауесхан, Р. (2016). *Түркітану: қысқаша энциклопедиялық лұғат*. Алматы: Қазақ университеті.

Аймауытов, Ж. (2011). *Психология: Энциклопедиялық сөздік*. Алматы: Қазақ энциклопедиясы.

Сұхбат

Тиышбекқызы Л. (2020). Түркітанушы Қ.Сартқожаұлымен сұхбат: Текті халықтың ұрпағы екенімізді мақтан тұтуымыз керек. Шалқар, 20 ақпан 2020. Кірген күні: 20.01.2023. https://qazradio.fm/shalqarfм/kz/archive/programs/programs_shalkar/shalqar_shanyragynda/1086749

Фильм

Айманов, Шәкен. (реж.). (1970). *Атаманның ақыры* (көркем фильм) Қазақстан: «Қазақфильм» киностудиясы.

Мұрат, Есжан. (реж.) (2021). *Ахмет. Ұлт ұстазы* (сериал). Қазақстан: Қазақстан ұлттық арнасы.